№18
(7912)

12 мамыр,
Бейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

# ТОҚАЕВ: РЕФЕРЕНДУМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙДЫ



**Құрметті отандастар!**

Баршаңызға мәлім, Мен биыл халыққа Жолдауымда саяси жаңғыру туралы ауқымды бағдарлама ұсындым. Бұл құжат қоғамда жан-жақты талқыланды. Сарапшылар қауымы және белсенді азаматтар осыған қатысты өз пікірін білдірді. Қалың көпшілік қолдау көрсетті.

Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата заңымызға өзгерістер енгізу қажет.

Бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек. Осыған орай менің тапсырмаммен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Оған белгілі құқықтанушы ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар және құзырлы органдардың өкілдері кірді.

Жұмыс тобы Негізгі заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірледі. Оны мұқият зерделеп, Конституциялық кеңеске жолдадық. Бұл орган өз қорытындысын ұсынды. Құжат жобасы Ата заң нормаларына сай келеді. Біз конституциялық реформаның шешуші кезеңіне қадам бастық. Енді Негізгі заңды өзгертуіміз керек. Шын мәнінде, мұның ел тағдыры үшін айрықша мәні бар.

Ата заң баптарының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сол себепті, мен республикалық референдум өткізу туралы бастама көтердім. Өйткені, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс.

Барлық дамыған елде плебисцит тікелей халық билігінің айқын көрінісі саналады. Бірақ Қазақстанда демократияның бұл тиімді институтының әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр.

27 жыл бұрын өткізілген референдумда қазіргі Ата заң қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформа Парламентте мақұлданды. Негізінде, бұл заңды қалыптасқан тәжірибе. Бірақ дамудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімдерді бүкіл халық болып қабылдауымыз керек. Бұған кәміл сенемін. Сондықтан бүгін мен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Конституциялық түзетулер жобасы бойынша азаматтардың жаппай дауыс беруі біздің демократиялық қағидаттарды берік ұстанатынымызды білдіреді.

Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады.

Конституциялық реформа барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталған. Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламенті және есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді.

Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Мәслихаттардың ықпалын арттырады.

Мәжіліс пен облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделі енгізіледі. Бұл қадам сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерін барынша толық қамтуға мүмкіндік береді.

Аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашады.

Конституцияның жаңарған нұсқасында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекіту көзделген. Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салынады. Сондай-ақ құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізіледі. Атап айтсақ, Конституциялық сот құрылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Ата заңмен айқындалады. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылады. Мұның бәрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалып жатыр. Алдағы конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді.

**Құрметті отандастар!**

Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша, Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет.

Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін күшейту емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Мен баршаңызды елдің ертеңі, ұрпақтың келешегі үшін референдумға қатысуға шақырамын!

Ұлт мүддесіне сай бастамаларды қолдайсыздар деп сенемін!

Еліміздің жарқын болашағы – өз қолымызда!

Күшіміз – бірлікте!

Бірге болайық!

Береке-бірлігімізді нығайтайық!

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Конституцияның 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізілсін.
2. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдағы сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.
3. Осы Жарлық және «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.
6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Президенті Қ.ТОҚАЕВ**
*Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 5 мамыр*
*№ 888*

## ТЫЛ АРДАГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Биыл Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына 77 жыл толды. Біз үшін Жеңіс күнінің маңызы ерекше. Әсіресе ұрпағына бейбіт өмір сыйлаған ардагерлерді ардақтау – перзенттік борыш. Бүгінде біздің ауданда Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің іздерін тыл ардагерлері жалғап келеді.

Дүйсенбі күні аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ойыл селосындағы тыл ардагері Шәмшия Аманбаева әжені Жеңістің 77 жылдық мерекесімен арнайы құттықтап барды. Арнайы сый-сияпатымен бірге Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің ерекше ілтипатын, құттықтау хатын жеткізді. 102 жастағы Шәмшия әже ашық-жарқын әңгіме барысында ел аумағында болып жатқан түрлі оқиғалардан хабардар болып отыратынын айтып берді. Мерекемен құттықтап келген аудан басшылығына еліміздің тыныштығы мен ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді. Аудан әкімімен бірге келген аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы Тыныштыбай Шалабаев, ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосовтар дастарханнан дәм татып, әжемен емен-жарқын әңгімелесті.

## ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАРШЫ БОЛАР ЖҰМЫС КӨП

Өткен аптада Ойыл ауданына облыс әкімі Оңдасын Оразалин жұмыс сапарымен келді. Өңір басшысы алдымен Қайыңды ауылына кіреберіс жолдың жайымен танысты. Аудандағы ең қашық округ саналатын Қайыңдыға барар жол Ойыл-Қобда тас жолынан 27 шақырым жерде орналасқан. Бұған дейін жол қатынасының қиындығын бірнеше жыл бойы көтеріп келген қайыңдылықтардың тілегі биыл жүзеге асатын болды. Себебі облыс әкімі 12 айға жоспарланған жол құрылысын биыл бітіруді тапсырды. Құрылыс мердігері «Ақпан-2030» ЖШС салып жатқан жолдың жобалық орташа жөндеу құны — 721,1 миллион теңге. Биыл 440,9 миллион теңге бөлінген.

— *Жұмысты келесі жылға қалдырудың қажеті жоқ. Тұрғындар алдағы қыста жолдан қиындық көрмесін. Барлық қаржының биыл берілуін бақылауға аламын. Жолды уақытында әрі сапалы аяқталуын қадағалаңдар. Құрылыс материалдарын қазірден бастап ала беріңдер. Әсіресе битум тапшы болмасын. Өйткені көбі тамыз айына дейін созып жүреді де, битумды сол кезде іздейді. Ал ол уақытта бір мезгілде сатып алушылар көп болғасын жетіспеушілік басталып, соған бола жол құрылысы кешеуілдейді,* — деген облыс басшысы аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен мердігерлерге осы жайды ескертті.

Одан кейін Саралжын ауылдық округіне қарасты Қоңырат елді мекенінде орналасқан «Тәжібай АГРО» ЖШС-не барған облыс басшысы жер жырту науқанының үстінен шықты. 2016 жылдан бері асыл тұқымды ангус сиырын өсірумен айналысатын серіктестік биыл бірінші рет жерге тұқым сепкелі отыр. Мал санын 700-ге жеткізген серіктестік 200 гектар жерге арпа, судан, сорго өсімдігін егуді бастады. Биыл тәжірибе ретінде аз ғана жерге мал азығын егуді бастаған серіктестік алдағы жылдары егістік алқабын көбейтпек.

— *Бірнеше жылдан бері Ойыл ауданы егіс егуден кенжелеп, тіпті бұл шаруа үзіліп қалғандай еді. Бұл көрініс мені қуантып отыр. Тұрақтылық деген осы. Қазір даланың шөбіне сеніп отыра беруге болмайды. Техникалар да жаңарған. Қазір механизаторлар да ескі техникаға мінгісі келмейді. Жаңа техника еңбекті ақтайды,* — деді облыс әкімі Оңдасын Сейілұлы.

Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің орталығы Қараталда болған жиында облыс әкімі тұрғындарының өтініштері мен ұсыныстарын мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап берді.

— *Біздің басты мақсатымыз — ауылдық жерлерден халықтың көшіп кетуін болдырмау. Ол үшін ауылдарға инженерлік инфрақұрылым жүргізіп, жолдар салып жатырмыз. Халықтың ауылда жайлы өмір сүруге, ауылшаруашылығымен, малшаруашылығымен айналысуға мүмкіндігі болуы тиіс. Өткен жылы ауылдарыңызға газ келген кездегі қуаныштарыңызды көрдім. Қазіргі мәселе жайылым болып отыр. Ауылда мал өсірген жақсы. Ол — сіздердің негізгі табыстарыңыз. Бірақ жеке тұрғындар мен шаруа қожалықтарының арасындағы дау көңілге қаяу түсіреді. Мәселені ашуға салмай, ақылмен шешіңіздер. Аудан әкімдеріне жеке тұрғындардың малы жайылатын өрісті кеңейтуді тапсырдым. Ал ауыл айналасындағы өрісті сақтау өздеріңе байланысты. Жағдайды түсініп, ауылға жақын орналасқан кейбір шаруа қожалықтары өрісін ауыстырған екен. Жеке тұрғындар да ауызбіршілік танытып, бірлесе шешуі керек. Жер дауы, өріске таласып, бір-бірінің үстінен арыз жазып, сотқа беріп жатқандар, өкінішке қарай, көбейіп барады. Бұл мәселені өздеріңіз ағайындықпен, сыйластықпен реттесеңіздер дұрыс болар еді,* — деген облыс басшысы кездесулерде көтерілген тұрғындардың сұрақтары аяқсыз қалмайтынын жеткізді.

Аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың айтуынша, биыл жеке тұрғындардың малына арналған жайылымдық жер 30 мың гектарға кеңеймек.

Сапар соңында облыс әкімі «Тамдыкөл» суландыру жүйесіне барды. Мұндағы су реттегіш арқылы лиманды алқаптарды суландыру жұмысымен танысты.

## «ҰРПАҚТАР ҰМЫТПАЙТЫН - ҰЛЫ ЖЕҢІС»



Сұм соғыстың аяқталғанына биыл 77 жыл толса да, әлі күнге дейін іздері сайрап жатыр. Оны ардагер ата-әжелеріміздің көз жанарларынан сөзсіз ұғуға болады. Тарихымыз көптеген сарбаздардың ерлігіне толы. Оған ойылдықтардың да қосқан үлестері аз емес. Әрбір дәнін жауға оқ қып жаудырған Шығанақтың ерлігі, оралмаған, құрбан болған боздақтардың барлығы тарихтың еншісінде.

Ауданымызда Ұлы Жеңістің 77 жылдық мерекесіне орай салтанатты шара Ойыл қазақ орта мектебінің жанындағы 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған ескерткішке тағзым етуден басталды. Аудан басшысы Асқар Қазыбаев бастаған бірнеше мекеме басшылары жеңісті жақындатқан жандардың рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Әрі қарай мәдени шара аудандық мәдениет үйі алдында мерекелік концертпен жалғасты. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан мәдениет үйінің өнерпаздары патриоттық әндермен көркемделген концерттік бағдарламаны жиылған жұртшылыққа ұсынды.

Осындай мерекелік шара «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында тыл ардагерлеріне арнап жайылған дастархан басында жалғасын тапты. Аудан әкімі ардагерлерге ақ тілегін арнап, естелік сыйлықтар табыстады. Азаттықтың ақ таңында бейбітшілікте өмір сүріп жатқанымыз осы ардагерлеріміздің арқасында екеніне айрықша тоқталды. Ал, ардагерлерге арнап, аудан өнерпаздары мерекелік дастархан басын әсем әнмен әрледі. Дастархан басында ардагер ата-әжелеріміз сөз сөйлеп, отты жылдардағы өз естеліктерімен бөлісті.

**Гаухар АЛЕКСЕЕВА,**
**Ойыл селосы.**

# ХАБАР

### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫ
**ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ**
**ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛЫ КӨКЖАР КӨШЕСІ 69, 315 БӨЛМЕ, ТЕЛЕФОН: (8-71332) 2-16-10**

Бисекенов Берік Төлеуұлы-төраға
Қартбаев Серік Сағынұлы-төрағаның орынбасары
Бақтыгереев Болат-хатшы
**Комиссия мүшелері:**
Жантекова Мөлдір Үмбетқызы
Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы
Назаров Әлішер Жүсіпқалиұлы
Сәттібаев Қонақбай Каримоллаұлы

Комиссияның жұмыс уақыты:
күн сайын сағат 09.00-18.00, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00

### ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫ

**№ 389 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ОЙЫЛ АУЫЛЫ, КӨКЖАР КӨШЕСІ 68, «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ»КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332)2-18-99**

Құлмұханов Жәнібек Аманиязұлы - төраға
Мусин Жалғас Сабырғалиұлы -төрағаның орынбасары
Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы - хатшы
**Комиссия мүшелері:**
Айдашев Абат Жауғашарұлы
Ізімбетова Айжан Рахметоллақызы

**№ 390 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ОЙЫЛ АУЫЛЫ, ҚҰРМАНОВ ИСЛАМҒАЛИ КӨШЕСІ 86, «Ж.ЖҮСІБАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ,ТЕЛЕФОН: 8 (71332)2-17-30**

Әлжанов Мұрат Шынғысұлы - төраға
Досымбаева Мира Бауыржанкызы-төрағаның орынбасары
Байманова Әлия Аманкелдіқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Дүйсенгалиева Күнсая Құмарқызы
Мерғалиева Зайда Садуқызы

**№ 391 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ОЙЫЛ АУЫЛЫ, ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ КӨШЕСІ 36, «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332)2-20-14**

Сейталина Мейрамгүл Қайырбекқызы- төраға
Рысқалиев Талғат Мақсатұлы-төрағаның орынбасары
Нұрманова Диана - комиссия хатшысы
**Комиссия мүшелері**
Сүйесинов Исатай Қонашұлы
Шотпанова Гаухар Ардаққызы

**№ 392 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ОЙЫЛ АУЫЛЫ, АМАНКЕЛДІ КӨШЕСІ 2, «ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 2-16-52**

Садақбаева Гүлмира Таңжарбайқызы - төраға
Тумышев Нұрболат Бітімбайұлы - төрағаның орынбасары
Қаумешова Есенгүл Сағынбайқызы - хатшы
**Комиссия мүшелері**
Қожиева Бибігүл Нұрбергенқызы
Хамитов Әйтеке Мергенбайұлы

**№ 393 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ЕКПЕТАЛ АУЫЛЫ, ЖАСЫЛ ЕЛ 21, «ЕКПЕТАЛ МЕКТЕП-БАЛАБАҚШАСЫ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 72-1-47**

Жұмағұлова Гүлнұр Амангелдіқызы- төраға
Сенғалиев Темірбек Әділбекұлы-төрағаның орынбасары
Итібаева Гүлгүл Қуанышбекқызы- хатшысы
**Комиссия мүшелері**
Мағауияқызы Жұмаш
Шаргезова Гүлмира Сәлімгерейқызы

**№ 394 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ҚАРАКЕМЕР АУЫЛЫ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨШЕСІ 1, «ҚАРАКЕМЕР МЕКТЕП-БАЛАБАҚШАСЫ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-2-00**

Оспанов Есенгелді Жолдасқалиұлы- төраға
Ысмағұлов Амангелді Базартайұлы-төрағаның орынбасары
Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Азан Анар Есімқызы
Үмбетов Тілектес Алпысбайұлы

**№ 395 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**АҚШАТАУ АУЫЛЫ, АҚЖОЛ КӨШЕСІ 1А, «АҚШАТАУ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-0-81**

Айжарықов Қоныс Боранбайұлы - төраға
Қосжанов Сәкен Мауытұлы-төрағаның орынбасары
Тынысбаев Марат Елемесұлы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Құрманғалиев Мейрамбек Әлімжанұлы
Төлеушева Гүлжамал Елубайқызы

**№ 396 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ҚҰМЖАРҒАН АУЫЛЫ, Ш.БЕРСИЕВ КӨШЕСІ 2, «СОРКӨЛ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-2-49**

Қойайдаров Сағындық Темірұлы - төраға
Мамбет Қанат-төрағаның орынбасары
Ақөтенова Шынар Бақытжанқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Абішев Бауыржан Шынғуұлы
Базаров Нұрболат Әлібиұлы

**№ 397 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ҚАРАТАЛ АУЫЛЫ, Ш.БЕРСИЕВ КӨШЕСІ 39, Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ МОДУЛЬДІК КІТАПХАНА ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 37-5-35**

Сулейменова Жандай - төраға
Әділов Нұрлан Байтүркіұлы-төрағаның орынбасары
Нұрбалиева Гүлнұр Сандығалиқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Ауданбекұлы Бекзат
Қодасбаев Шектібай Құсанұлы

**№ 398 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ҚАРАСУ АУЫЛЫ, Ш.БЕРСИЕВ КӨШЕСІ 5, «ҚҰРМАНОВ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-0-92**

Сағатов Болат Сағынұлы- төраға
Жиенбеков Аманбек Үмбетұлы-төрағаның орынбасары
Өтебаева Алмагүл Арыстанқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Мамбетова Айнұр Бақытқалиқызы
Молдағұлов Сансызбай Әубәкірұлы

**№ 399 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**АМАНКЕЛДІ АУЫЛЫ, АСТАНА КӨШЕСІ 16, АМАНКЕЛДІ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-4-90**

Сүндетов Жайлау Жолдығалиұлы- төраға
Артықбаев Дастан Берекетұлы-төрағаның орынбасары
Майлыбаев Аңсаған Майлыбайұлы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Дүйсенова Айзада Смағұлқызы
Сидақова Жакен Сақыпқызы

**№ 400 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ҚАРАСУ АУЫЛЫ, АЛАШОРДА КӨШЕСІ 7, ҚАРАСУ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-4-89**

Қалиев Жаңабай Қайранбайұлы- төраға
Наубетов Мұрат Саматұлы-төрағаның орынбасары
Нұргалиев Азамат Айжарықұлы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Ізбасарова Тілекгүл Ерболатқызы
Қалымов Ыбырай Бекішұлы

**№ 401 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**КӨПТОҒАЙ АУЫЛЫ, ҚАЗАҚСТАН КӨШЕСІ 18, КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-5-11**

Әміров Тілекбай Идеятоллаұлы- төраға
Аманбаева Бағлаш Тастемірқызы-төрағаның орынбасары
Жақсыбаева Алиса Айтжанқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Мұқанов Лұқман Қадірұлы
Бисенқұл Айсұлу Жұмабайқызы

**№ 402 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ШҰБАРШИ АУЫЛЫ, ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІ 19, ШҰБАРШИ АУЫЛДЫҚКЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-4-93**

Тайбурин Қази Әлімұлы - төраға
Ахметов Орынғали Сабырұлы-төрағаның орынбасары
Тұрғалиева Әсем Мухамедиярқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Мұхамбетова Жанаргүл Дәукенқызы
Оңайбаева Гүлжан Амантайқызы

**№ 404 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**САРБИЕ АУЫЛЫ, ЖАСТАР КӨШЕСІ 13, САПАҚКӨЛ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 35-2-50**

Мусина Гүлсара Шынтасқызы - төраға
Дәуленова Гүлбарам Аманжолқызы -төрағаның орынбасары
Мұхамбетқалиева Күнімай Бауыржанқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Оразғалиев Лесбай Мәдіғалиұлы
Сұлтанов Талап Еркашұлы

**№ 405 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ҚАРАКӨЛ АУЫЛЫ, АБАЙ КӨШЕСІ 10, «ҚАРАКӨЛ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-7-16**

Нұржанова Құндызай Құмарқызы- төраға
Сұлтанов Айса Еленбайұлы -төрағаның орынбасары
Сисенова Нұрлы Жолдығалиқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Бюрина Ақсұлу Хайроллақызы
Динуллин Еділ Аралбайұлы

**№ 406 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ҚАРАОЙ АУЫЛЫ, ЕҢБЕККЕРЛЕР КӨШЕСІ 2, ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-7-31**

Ысмағұлов Амангелді Сапартілеуұлы- төраға
Досанов Айдар Қосалұлы- төрағаның орынбасары
Қойшығұлова Шынар Қожанқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Қалиева Перизат Жалғасбайқызы
Өтепов Жанболат Шекіртұлы

**№ 407 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ҚҰБАСАЙ АУЫЛЫ, ҚЫЗЫЛҚОРҒАН КӨШЕСІ 7, «ҚҰБАСАЙ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-7-37**

Әміржанов Құрбанбай Жолмырзаұлы- төраға
Жайғалиев Махамбет Үсенұлы-төрағаның орынбасары
Егізбаева Сандуғаш Амангелдіқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Бөлекбаев Мамай Еркінұлы
Имағанбетова Данагүл Бегалықызы

**№ 408 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**КЕМЕР АУЫЛЫ, БЕЙБІТШІЛІК КӨШЕСІ 15, САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-1-45**

Төлеуғалиев Уалихан- төраға
Қожантаева Жанат Абибуллақызы-төрағаның орынбасары
Қилашева Қоныршаш Жұмабайқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Арыхов Нұрлан Алпамысұлы
Тілеужанов Есет Рүстемұлы

**№ 409 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**ШИҚҰДЫҚ АУЫЛЫ, МЕКТЕП КӨШЕСІ 16, «ТЕРЕКТІ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-1-43**

Аяпбергенов Мереке Ерекешұлы- төраға
Беисова Айгүл Ескендірқызы-төрағаның орынбасары
Аренов Нұржан Қамбарұлы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Сапарова Мейізгүл Орынбасарқызы
Сисенғалиев Аманбек Орынбасарұлы

**№ 410 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**БЕСТАМАҚ АУЫЛЫ, ТАЙСОЙҒАН КӨШЕСІ 6, БЕСТАМАҚ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 43-4-30**

Бисенов Балтабай Сырлыбайұлы- төраға
Аманбаев Айжарық Баданұлы-төрағаның орынбасары
Жиеналина Багдагүл Кенжебайқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Қалауов Әнуар Дәуленұлы
Қалашева Бижамал Калашқызы

**№ 411 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**АҚКЕМЕР АУЫЛЫ, ЖЕТКІНШЕК КӨШЕСІ 9, АҚКЕМЕР АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-0-82**

Абылғазин Қалыбек Майлықұлы- төраға
Иманов Алпысбай Жарылғасынұлы-төрағаның орынбасары
Есенова Алтынгүл Бөгетбайқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Қилыбаев Нұрбек Мұратбекұлы
Мендіғалиев Қаратай Қожаденұлы

**№ 412 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**АҚЖАР АУЫЛЫ, МЕКТЕП КӨШЕСІ 4, ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-8-14**

Дүйсенгалиев Тұрлан Төлепбергенұлы- төраға
Сапарғалиев Тимур Аманжанұлы-төрағаның орынбасары
Қазиева Назгүл Тұрғалиқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Жақсыбай Ардақ Ермекқызы
Мұханбетқалиева Гүлжанат Есенбайқызы

**№ 413 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**КӨСЕМБАЙ АУЫЛЫ, ОРТАЛЫҚ КӨШЕСІ 10, КӨСЕМБАЙ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-1-42**

Елғондина Дина Майлығалиқызы- төраға
Батырғалиев Нұрлыбек Еңсегенұлы-төрағаның орынбасары
Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы- хатшы
**Комиссия мүшелері**
Имағанбетова Қалия Қанатбайқызы
Сатыбалдин Бақытжан Мырзалыұлы

**Учаскелік референдум комиссияларының жұмыс уақыты, 2022 жылғы**
15 мамырдан бастап, күн сайын сағат 09.00-18.00, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00

# ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

**№ 389 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ОЙЫЛ АУЫЛЫ, КӨКЖАР КӨШЕСІ 68, «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332)2-18-99**

**Референдум учаскесінің шекаралары: Құрманғазин Бейсұлла көшесі** - 19, 20, 21,22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43,45, 46, 47, 48, 49, 50/1, 50/2, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65/1, 65/2;
**Шернияз Жарылғасұлы көшесі** –40, 42, 44, 46, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 64, 65, 66/1, 66/2, 66/3, 66/4, 66/5, 66/6, 66/7,66/8, 68, 69, 70, 73, 74, 75, 79, 81, 83, 85, 87;
**Көкжар көшесі** -22, 25, 29, 31, 32А, 38, 39,40,41, 44,45, 48, 53,54,55, 57, 64;
**Құрманов Исламғали көшесі** - 16, 17, 18, 19, 23, 24, 25, 27, 31, 33, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 48, 50, 52,56,58/1, 58/2, 60/1, 60/2,62/1, 62/2, 62/3, 64, 66, 68, 74, 76;
**Берсиев Шығанақ көшесі** - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24/1, 24/2, 25, 26, 27, 30, 31, 33, 34, 35,36, 38, 40, 43, 45, 50, 52, 54;
**Жолмырзаев Байсалбай көшесі** - 2, 4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 19, 23, 24,30, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 42/1, 42/3, 42/4, 42/5, 42/6, 42/8, 42/9, 42/10, 42/11, 42/12, 42/13, 42/14, 42/15, 42/16, 42/17, 42/18, 42/20, 42/21, 42/22;
**Дәуленов Сәлкен көшесі -** 1, 3, 4, 6, 7, 9, 10/1, 10/2, 10/3, 10/4, 11, 12/1, 12/2, 12/3, 12/4, 16, 17, 19, 20, 22, 24/1, 24/2, 25, 26,27, 29, 33, 35, 39/1, 39/2, 41/1, 41/2, 43/1, 43/2, 45/1, 45/2, 47/1, 47/2, 49/1, 49/2;
**Қойшығұлов Ахметжан көшесі -** 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6, 7, 8/1, 8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30;
**Екібаев Амантұрлы көшесі -** 1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/2, 16, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 37, 38, 39, 41, 42, 46, 48, 50, 52.

**№ 390 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ОЙЫЛ АУЫЛЫ, ҚҰРМАНОВ ИСЛАМҒАЛИ КӨШЕСІ 86, «Ж.ЖҮСІБАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332)2-17-30**

**Референдум учаскесінің шекаралары: Құрманов Исламғали көшесі**- 47, 51,53,55, 59/1, 59/2, 61/1, 61/2, 63/1,63/2,65, 67, 69/1, 69/2, 71, 73, 75, 77/1, 77/2, 78 «а», 79/1, 79/2, 80,81, 81«а», 82, 83, 84/1,84/2, 85, 87, 88/1, 88/2, 88/3, 88/4, 90/1,90/2, 90/3, 90/4, 92/1, 92/2, 94/1, 94/2, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108;
**Қойшығұлов Ахметжан көшесі**- 31, 32, 33, 35, 36,36 «А», 37, 38/1, 38/2, 39, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 43, 44, 45/1, 45/2, 46/1, 46/2, 46/3, 46/4, 47/1, 47/2, 50/1, 50/2;
**Аманкелді Иманов көшесі** -6/1, 6/2, 8/1, 8/2,10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 13, 13 «А», 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28;
Алтынсарин Ыбырай көшесі - 1/1, 1/2, 1/3, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 7, 11, 13, 13 «А»;153/1, 153/2, 155/1, 155/2, 157/1, 157/2;
**Абай Құнанбаев көшесі** - 20,21,22,23,24,25/1, 25/2, 25/3, 25/4,26,27,29,31;
**Ержанов Қуаныш көшесі** - 1, 2, 3, 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 19/4, 20, 22, 23/1, 23/2, 24, 25, 26, 27,29, 31,33;
**Еркінов Шүкір көшесі** - 1, 2а, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 8, 8а, 9, 9а, 9б, 10, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 12, 13/1, 13/2, 13/3, 13/4, 13а, 14, 15/1, 15/2, 15/3, 16, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 30, 31, 34, 35, 36, 37, 38, 39 «А»,40, 41, 42, 43, 45, 49, 51, 53, 55, 57, 59;
**Құрманғазы Сағырбаев көшесі** - 2, 3,4, 6, 9, 13, 15, 19, 31, 33;
**Сатпаев Қаныш көшесі** - 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10,11, 11 «А»,13,14, 15, 16, 17,20, 21,22 «А», 24, 25, 26, 28, 29, 31,32, 35, 36, 38;
**Әл-Фараби көшесі** – 1, 2, 3, 4, 7, 8, 10, 11, 13, 19, 20, 22, 26, 27, 30, 32, 34, 35, 36, 46, 128,
**Асанқайғы жырау көшесі** – 5, 16, 34, 38.

**№ 391 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ОЙЫЛ АУЫЛЫ, ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ КӨШЕСІ 36, «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332)2-20-14**

**Референдум учаскесінің шекаралары: Шернияз Жарылғасұлы көшесі** - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28,29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 41, 43, 45, 47;
**Құрманғазин Бейсұлла көшесі** -1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13,14, 15,16
**Көкжар көшесі** - 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 26, 28, 30;
**Құрманов Исламғали көшесі** -1, 2, 8, 10, 12, 13, 15;
**Масатов Сауытбай көшесі** - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 50, 52, 56, 58, 62, 64;
**Қарақұлов Ишанбай көшесі** - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43/1,43/2,46 53,54, 56,57,58,60,62,66,68,70,72;
**Оноприенко Николай көшесі** - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9,12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 22 «А», 27;
**Дүсіпов Үмбет көшесі** - 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9,10, 12, 16, 18;
**Төлебаев Мұса көшесі** - 1, 2, 3, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7/1, 7/2, 8, 9/1, 9/2, 10, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 15/1, 15/2, 16/1, 16/2, 17, 18,19, 21, 23, 26, 28, 30, 32 «А», 37;
**Қлипанов Отар көшесі** - 1/1, 1/2, 2,2 «А», 4, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11/1, 11/2, 11/3, 12, 13, 14, 15, 16/1, 16/2, 18/1, 18/2, 19, 21, 22.

**№ 392 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ОЙЫЛ АУЫЛЫ, АМАНКЕЛДІ КӨШЕСІ 2, «ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 2-16-52**

**Референдум учаскесінің шекаралары: Шернияз Жарылғасұлы көшесі** - 76, 78, 79, 80/1, 80/2, 82, 84, 86, 88/1, 88/2, 89, 90, 91/1, 91/2, 92, 93/1, 93/2, 94, 95/1, 95/2, 96, 97/1, 97/2, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102/1, 102/2, 103/1, 103/2, 104, 105, 105 «А», 105 «Б»,106, 107, 107 «Б», 108, 109,110, 111, 113/1, 113/2, 113/3, 115/1, 115/2, 115/3, 116, 117/1, 117/2, 119/1, 119/2, 121, 123, 125, 125 «А», 127/1, 127/2, 127/3,129,133,135,137,139,145,147;
**Көкжар көшесі** – 65, 67, 71/1, 71/2, 72, 73/1, 73/2, 74, 75/1, 75/2, 76, 77/1, 77/2, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97/1, 97/2, 97/3, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102, 103/1, 103/2, 104/1, 104/2, 104/3, 105/1, 105/2, 105/3, 106, 107/1, 107/2, 108/1, 108/2, 108/3, 109, 110, 112, 114, 115,116, 117,118,120, 121,124, 125, 126;
**Абай Құнанбаев көшесі –** 1/1, 1/2, 2, 3, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2,8, 9, 10, 11, 12, 13/1,13/2, 14, 15/1, 15/2, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19;
**Аманкелді Иманов көшесі** – 1/1, 1/2, 3, 5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 7, 9;
**Бақаев Бауетдин көшесі** - 1, 2/1, 2/2, 3, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 9, 10, 11, 12/1, 12/2, 13, 14/1, 14/2, 15, 16/1, 16/2, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35/1, 35/2,36,37,38,39,41,43,45;
**Тапалова Нұрсұлу көшесі** - 1, 2,3,4, 6/1,6/2,7,8/1,8/2,9,10/1,10/2,11,12/1, 12/2,12/3,13,13«А»,14,15,16,17,18,20,22,24,25,28,30;
**Желтоқсан көшесі** - 1, 1 «А», 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10,13/1,13/2, 15/1, 15/2, 19/1, 19/2, 21,23,24,26;
**Медетбаев Дауылбай көшесі** - 1, 2, 2 «А», 3, 4, 5, 6, 7;
**Байғанин Нұрпейіс көшесі** - 1,2,3,4,5,6,7,9/1,9/2;
**Молдағұлова Алия көшесі** - 1, 2/1, 2/2, 2/3, 3/1, 3/2, 4, 5, 6, 7, 8;
**Тәуелсіздіктің 20 жылдығы көшесі** - 9, 11, 15, 17, 19/1, 19/2, 21, 23, 25/1, 25/2,26, 27/1, 27/2, 29, 30, 31, 36, 38, 41,43;
**Қаңтарбаев Тұрғали көшесі** –3, 4, 5, 6,7, 8, 10, 11/1,11/2,12,13/1, 13/2, 14, 15/1, 15/2, 17/1,17/2,18,19/1, 19/2, 20, 21/1,21/2, 22, 23, 24,26,48,49.

**№ 393 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**

**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ЕКПЕТАЛ АУЫЛЫ, ЖАСЫЛ ЕЛ 21, «ЕКПЕТАЛ МЕКТЕП-БАЛАБАҚШАСЫ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 72-1-47**

**Референдум учаскесінің шекаралары: Барқын көшесі** – 1,3,5,6, 7,9,11;
**Қыдырбаев Хайролла көшесі** - 1,2/1,2/2,3,4,5,6,7/1,7/2,8/1,8/2,9/1,9/2,10/1, 10/2,11,12/1,12/2,13,14;
**Жасыл ел көшесі** - 1,2,3,4,5,6,7/1,7/2,8,9/2,10,11/1,11/2,12/1,12/2,13,14,15,16,17/1,17/2,19,21;
**Орманшы көшесі** -1,2,3,4;
Жаңабаз қыстағы – 1, 2/1, 2/2, 3, 4/1, 5, 6, 7/1, 7/2, 8, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 14/1, 16/1, 16/2.

**№ 394 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ҚАРАКЕМЕР АУЫЛЫ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨШЕСІ 1, «ҚАРАКЕМЕР МЕКТЕП-БАЛАБАҚШАСЫ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-2-00**

**Референдум учаскесінің шекаралары: Бейбітшілік көшесі** - 1,2,3,4,5,6,7,8, 9, 10, 11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,21,22,24;
**Ардагерлер көшесі** - 1/1,1/2,2,3,4,5,6,8,9,10,11,13,15;
**Достық көшесі** - 1,2,3,4,5,6,7,8,9/1,9/2,10,11,12,13,14,15,16/1,16/2,17/1,17/2,18,19,20/1,20/2,21,22/1,22/2,23/3,24;
**Ынтымақтастық көшесі** - 2,4,6,8,10,13;
**Доброво қыстағы** – 1, 2, 3, 4, 5;
**Еңсеген қыстағы** – 1, 2, 3;
**Тайлақбай қыстағы** – 1, 2, 3, 4.

**№ 395 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: АҚШАТАУ АУЫЛЫ, АҚЖОЛ КӨШЕСІ 1А, «АҚШАТАУ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-0-81**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Жастар көшесі**-1,2,3,4/1,4/2,5,6/1,7,8,9,10/1,10/2,11/1,12,13,14,15,16,17,18,19/1,19/2, 20, 21, 23, 25, 27, 29;
**Шалқыма көшесі**-1,2,3,4,5,6/1,6/2,7/1,7/2,8,9,10,11,12/1,12/2,13,14,15;
**Ақжол көшесі**-1,2,3,4,5,6,7,8/1,8/2,9,10,11,12;
**Балауса көшесі**-1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,12,14,16,18;
**Сарат қыстағы** – 1;
**Талтоғай қыстағы** – 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 9 «А», 11, 13, 15, 17, 19.

**№ 396 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ҚҰМЖАРҒАН АУЫЛЫ, Ш.БЕРСИЕВ КӨШЕСІ 2, «СОРКӨЛ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-2-49**
**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Дінмұхамбет Қонаев көшесі** – 1, 3, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2, 7, 8, 9, 10, 11, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 14/3, 15,16,17,19,21,23,27;
**Қ.Ержанов көшесі** – 1/1,1/2,3/1,3/2,3/3,5/1,5/2,5/3,7,9,11,13/1,13/2,19,21,23,25
**Бекет ата көшесі** – 1,2,3,4,5,6/1,6/2,7,8/1,8/2,9/1,9/2,9/3,10/1,10/2,10/3,11/1, 11/2, 12,13,14/1,14/2,15,17/1,17/2,17/3,19,21/1,21/2,21/3;
**Астана көшесі** – 1,3,5,5А,7,9,11,13,15.

**№ 397 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ҚАРАТАЛ АУЫЛЫ, Ш.БЕРСИЕВ КӨШЕСІ 39, Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ МОДУЛЬДІК КІТАПХАНА ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 37-5-35**

**Референдум учаскесінің шекарлары:**
**Ш.Берсиев көшес**і – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12, 13,14/1,14/2,15, 16/1,16/2,17,18,19,21,22,23, 24/1, 24/2, 25,26/1,26/2,27,28, 29,30,31,32/1,32/2,33,34/1,34/2,36,38,40,41/1,41/2,43,45;
**З.Баймолдина көшесі** – 1,2,3,4,5,6/1,6/2,7/1,7/2,8,9/1,9/2,11/1,11/2,12,13/1,13/2,14,15;
**Абай көшесі** - 1,2,3,5,6/1,6/2,7,8/1,8/2,10/2;
**Сүлеймен әулие көшесі** - 2,3,4,5,6,7,8,9/1,9/2,10;
**Әбілхайыр хан көшесі** - 1,1А,2,3,4,5/1,5/2,5/3,6,8/1,8/2,10,11,12,13,14;
**Көкжар көшесі** - 1,3,4,5,7,9,11,13/1,13/2,15,17,19,21,23;
**И.Қарағұлов көшесі** - 2,4,6/1,6/2,8/1,8/2,10,12,14,16,18,20,22,24/1, 24/2, 26/1, 26/2, 26/3, 28/1, 28/2, 28/3,30;
**Ө.Бақаев көшесі** - 3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,14,15,17,23/1,23/2,25;
**Тәуелсіздік көшесі** - 1,2,3,4,5,6,7,8,9,11,15,17,19,21,23,25;
**Ж.Жүсібәлиев көшесі** - 1,3,5,7/1,7/2,13,15,17,21,23;
**Ақтөбе көшесі** - 1,3/1,3/2,3/3;
**Бейбітшілік көшесі** - 1/1,1/2,2,3,4,5;
**Республика көшесі** - 1,2,3,4,5,7,9,11,15,17,19;
**Конституция көшесі** - 1,2,4,5,6,7,8/1,8/2,9,10,11;
**Қобыланды батыр көшесі** - 1,2,5/1,5/2,5/3,7/1,7/2,9/1,9/2,11/1,11/2;
**Ә.Молдағұлова көшесі** - 1,3,5,7,9,11,13,15,17,19.

**№ 398 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ҚАРАСУ АУЫЛЫ, Ш.БЕРСИЕВ КӨШЕСІ 5, «ҚҰРМАНОВ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-0-92**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Ахмет Жұбанов көшесі** - 1,2,3,4,6/1,6/2,6/3,8,10,12,14;
**Бауыржан Момышұлы көшесі** – 1,2,4/1,4/2,5,6,7,8.

**№ 399 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: АМАНКЕЛДІ АУЫЛЫ, АСТАНА КӨШЕСІ, 16, АМАНГЕЛДІ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ,ТЕЛЕФОН: 73-4-90**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Астана көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,13,15,17,18/1,18/2,19,20/1,20/2,21,22/1,22/2,23/1,23/2,24,25,26,27,28,29,30,31,32,33,34,35;
**Алғабас көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13/1,13/2,15/1,17;
**Бейбітшілік көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,21, 22, 22а,23,24;
**Жаңақадам көшесі** – 1,1 «А»,2,3,4,5,6,7,8,9,10 «А»,11,12,13,13 «А»,14,15;
**Ынтымақ көшесі** – 1/1,1/2,2,3,4,6,8,10,12,14,16,18,20,22.

**№ 400 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ҚАРАСУ АУЫЛЫ, АЛАШОРДА КӨШЕСІ 7, ҚАРАСУ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-4-89**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Алашорда көшесі** – 1,3/1,3/2,4,5,6,8,10/1,10/2;
**Мақпалкөл көшесі** – 1,2,2 «А»,3,4,5,7,9,11,13,15,17,19;
**Ойыл көшесі** – 1,2,3,4,5,7;
**Тамдыкөл көшесі** – 1,2,3,4,5,6/1,6/2,8/1,8/2,9,10,11,12/1,13,14,15/1,15/2,16,17,18,19,20,22,24,26,28,30.

**№ 401 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ КӨПТОҒАЙ АУЫЛЫ, ҚАЗАҚСТАН КӨШЕСІ 18, КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-5-11**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Ардагер көшесі** – 1/1,1/2,2,3,4,5,6,7,8,8/1,8/2,9,10, 11/1,11/2,12,13,14,15,16/1,16/2,17/1,17/2,19/1,19/2,21/1,21/2,23,25,27;
**Абай көшесі** – 1,2/1,2/2,3,4,5,6/1,6/2,7/1,7/2,8,10/1,10/2,12/1,12/2,14,16,18;
**Достық көшесі** – 1/1,4,5,7/1,7/2,8/1,8/2,9/2,10/1,10/2,11,12,14,16,18,20;
**Жеңіс көшесі** – 1,2/1,2/2,3,4,5,6/1,6/2,8,10/1,10/2,12,14/1,14/2,16;
**Құрман көшесі** – 1,2,3,4,6,7/1,7/2,8,9,10,11,12/1,12/2,12/3,13,14,15,16,17,18/1,18/2,19,20,22;
**Мектеп көшесі** – 1/1,1/2,2,3,5;
**Наурыз көшесі** – 1,4,6,8,10;
**Сапы көшесі** – 2,3,4,5,6,8,9,10,11,12,14,16;
**Тәуелсіздік көшесі** – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4,6,7/1,7/2,8,10/1,10/2,12/1,12/2,14,16,17/1,17/2;
**Әл-Фараби көшесі** – 1,2,3,3 «а»,4,5,6,8,10,14,16,18,20,22,24,26;
**Жамбыл көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12;
**Қазақстан көшесі** – 2/1,2/2,3,4,6,8,9,10/1,10/2,11,12,14,15/1,15/2,17/1,17/2,19/1,19/2,24,26,27,28,29,30,31,32,33,34,35,36,37,39,41;
**Мәңгілік ел көшесі** – 2,3,4,5,6,8,10,14,16,18.

**№ 402 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ШҰБАРШИ АУЫЛЫ, ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІ 19, ШҰБАРШИ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ,ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-4-93**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Ақсай көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,10;
**Шығанақ Берсиев көшесі** – 1,2,3,4,5,5а,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16;
**Желтоқсан көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,11,12/1,12/2,13/1,13/2,14,15,16/1,16/2,17,21,23,25/1,25/2,27/1,27/2,29;
**Ишанбай Қарағұлов көшесі** – 2,3,4,5,7,9.

**№ 404 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: САРБИЕ АУЫЛЫ, ЖАСТАР КӨШЕСІ 13, САПАҚКӨЛ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 35-2-50**
**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Құрманғазы көшесі** – 1,3,5,5/1,7,9;
**Ақтөбе көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,11/1,11/2,12,13,13/1,14,15,17, 19,21,23, 25,29,29/1;
**Астана көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9;
**Махамбет көшесі** – 1,3,5,7,9,11;
**Жастар көшесі** – 1,2,3,4,4/1,5,6,8,10,11,11/1,12,14,14/1;
**Әйтеке би көшесі** – 1,2,2/1,3,4,5,5/1,6,7,7/1,8,9,10,11,12,13,14,15,15/1,17,19, 21,21/1,23,25,27,29,29/1,31,31/1,33,33/1,35,35/1,37,39;
**Ә.Молдағұлова көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20, 21,22,23,24,25,26,27,28,29,30,31,32,33,34,36;
**Жекенді көшесі** – 1,2,2/1,3,4,5,6,7,8,9,10,11,13,15,17,19,21,23,25,27,29,31,33,35;
**Бейбітшілік көшесі** – 1,3,5,7,9,11,13,15,17,19,21,23,25,27,29,31,33,35;
**Желтоқсан көшесі** – 1,1/1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,16,18,20,22,24;
**Жеңіс көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,21,22,24;
**Исатай көшесі** – 1,2,3,4,5,7,9.

**№ 405 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ҚАРАКӨЛ АУЫЛЫ, АБАЙ КӨШЕСІ 10, «ҚАРАКӨЛ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-7-16**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Абай көшесі** – 1/1,1/2,2,3,4,5/1,5/2,6,7,8,9,11,12,14,15,16,17,18,19,20,21,22,24.

**№ 406 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ҚАРАОЙ АУЫЛЫ, ЕҢБЕККЕРЛЕР КӨШЕСІ 2, ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-7-31**
**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Еңбеккерлер көшесі** - 1,3,5,7,9,11/1,11/2,11/3,12,13, 14/1,14/2,15,16,17, 18, 20,22,24;
**Жетікөл көшесі** – 1,3,5,7,9,11;
**Ынтымақ көшесі** – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,3/3,4/1,4/2,5/1,5/2,5/3,6/1,6/2,8/1,8/2,10/1,10/2;
**Желтоқсан көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,14,16,18,20,22,24,26,28;
**Өркениет көшесі** – 1,2,3/1, 3/2,3/3,5,7;
**Жасқайрат көшесі** - 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15/1,15/2,16,18,19,20, 21,22,23,24,25,27,29, 31,33,35;
**Алашорда көшесі** – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4;
**Астанаға 10 жыл көшесі** – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4,5,6,7/1,7/2,8,9/1,9/2,10,11,12,13, 14,15,16,17,18,19/1,19/2,20,21/1,21/2,22,23,24,25/1,25/2,26,28,30;
**Қазақстан 2030 көшесі** – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4,5,6/1,6/2,7/1,7/2,7/3,8,9,10,11, 12, 13,14/1,14/2, 15/1,15/2,16/1,16/2,17,18/1,18/2,19,20/1,20/2,22/1,22/2,26,28,30, 32,34/1,34/2,36,38,40,42;
**Тәуелсіздік көшесі** – 1,2/1,2/2,3,4,5,6/1,6/2,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20, 21,23/1,23/2, 25,27,29,31,33,33/1,33/2,35,37,39,41,43.

**№ 407 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ҚҰБАСАЙ АУЫЛЫ, ҚЫЗЫЛҚОРҒАН КӨШЕСІ 7, «ҚҰБАСАЙ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 73-7-37**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Қызылқорған көшесі** – 1,2,3,4,5,6,8,9,10,12,14;
**Бейбітшілік көшесі** – 1,2,4,5,6,7,8/1,8/2,10.

**№ 408 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: КЕМЕР АУЫЛЫ, БЕЙБІТШІЛІК КӨШЕСІ 15, САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-1-45**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Ә.Дербісәлин көшесі** – 1,3,5,7,9,11,13,15,17,19,21,23,25,27;
**Алаш көшесі** –1/1,1/2,2,3,4,5,6,7,9,10,11,12,13,15,16,17,18,19,20,21,22,23, 24,25,26,27,28,29,30,31,32,33,35;
**Ақтөбе көшесі** – 1/1,1/2,5,7,9,10/1,10/2,11,12,13/1,13/2;
**С.Керімбаева көшесі**– 1/1,1/2,2,3,4,5,6,7,8/1,8/2,9,10/2,11/1,11/2,13;
**Қазақстан көшесі** – 1,2,3,4,5/1,5/2,6,8/1,8/2,9,10,12,14,16,18/1,18/2,20/1,20/2,22,24/1,24/2,28,30/1,30/2;
**И.Құрманов көшесі** – 1 «а»,1,3,5,7,11,13,15/1,15/2,17/1,17/2,19,21;
**Ботагөз-2 көшесі** – 1/1,1/2,2,3,4,5/1,5/2,7/1,7/2,9/1,9/2;
**Кеңес көшесі** – 1,3,5,7,9,11,13/1,13/2,15,17,19/1,21/1,21/2,23,25/1;
**Бейбітшілік көшесі** – 1,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14;
**Қ.Шоланов көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,9,11,13/1,13/2,15/1,15/2,17/1,17/2,17/3,19;
**Таубатыр көшесі** – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,15,17;
**Қоңырат ауылы:**
**Қоңырат көшесі** – 1,2,3,4,6,9,10/1,10/2,11;
**Ойыл көшесі** – 7,9,11.

**№ 409 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: ШИҚҰДЫҚ АУЫЛЫ, МЕКТЕП КӨШЕСІ 16, «ТЕРЕКТІ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ» КММ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-1-43**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Мектеп көшесі** – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4/1,4/2,5,6,7, 8/1,8/2,9,10/1,10/2,11,12,14,17/1,17/2,19,21/1, 21/2;
**Теректі көшесі** – 1/2,2/1,2/2,3/1,3/2,4/1,4/2,5/1,5/2,6/2,7,8/1,8/2,9,10/1,10/2,11,12.

**№ 410 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: БЕСТАМАҚ АУЫЛЫ, ТАЙСОЙҒАН КӨШЕСІ 6, БЕСТАМАҚ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 43-4-30**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Жасталап көшесі** – 1/1,1/2,2/1,2/2,3/1,3/2,4/1,4/2,5/1,6,7/1,7/2;
**Тайсойған көшесі** – 1,2,3/1,4,5/1,5/2,7/1,7/2,8/1,8/2,10;
**Аяпберген көшесі** – 2,3,4,5,6,7/1,7/2,8/1,8/2,9/1,9/2,10,11,12,13,15.

**№ 411 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: АҚКЕМЕР АУЫЛЫ, ЖЕТКІНШЕК КӨШЕСІ 9, АҚКЕМЕР АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ, ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-0-82**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Қиыл көшесі** – 1,2/1,2/2,3,6,8/1,8/2,9/1,10,11,12,13,14,15/1,15/2,15/3,15/4,15/5,16,17,18,19, 20/1,20/2,21,22/1,22/2,23,25/1,25/2,27;
**Жеткіншек көшесі** – 1,3,8,10,11,12,13,14,15,16,18,20,22,24,26/1,26/2,28,30/1,30/2,32/1,32/2;
**Бекет ата көшесі** – 1,2/1,2/2,4,5,6/1,6/2,7,8,10/1,10/2,11,12/1,12/2,13, 14/1,14/2,15,16/1,16/2,19,20.

**№ 412 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: АҚЖАР АУЫЛЫ, МЕКТЕП КӨШЕСІ 4, ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ҒИМАРАТЫ,ТЕЛЕФОН: 8 (71332) 74-8-14**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**А.Иманов көшес**і – 1 «а»,1/1,1/2,2,3/3/2,4,5,7,8/1,8/2,9,10, 11,12,13,14/1,14/2,15/2, 16/1,16/2,17, 18/1,20;
**Ш.Берсиев көшесі** – 1,2,3,4/2,5,6,7,9,11;
**Кеңес көшесі** – 1/1,2,4,6,7,8,9,10,11,12,14,16,17,19,21,23,25/1,25/2,27;
**Қайыңды көшесі** – 1,3,4/1,4/2,5/1,5/2,6/1,6/2,7,9/1,9/2,10,11/1,11/2,12,13, 15, 17/1,17/2,19,20/1,20/2,21,22/1,22/2,23,24/1,24/2,25,26,27,28,29,31/1,31/2, 37,39,41,43,45,47,49,51;
**Мектеп көшесі** – 1,3,5,6,7,17,19;
**Жастар көшесі** – 1/1,1/2,2,3,5,6,7,8,12,14.

**№ 413 РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІ**
**РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ: КӨСЕМБАЙ АУЫЛЫ, ОРТАЛЫҚ КӨШЕСІ, 10, КӨСЕМБАЙ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ,ТЕЛЕФОН: 74-1-42**

**Референдум учаскесінің шекаралары:**
**Ынтымақ көшесі** – 1,1«а»,3/1,3/2,3/3,3/4,5/1,5/2,7,9,11, 13,15/1,15/2,17/3, 19,21,23,25,27,29,33/1, 33/2;
**Орталық көшесі** – 1 «а»,1/1,1/2,2,2 «а»,3/1,3/2,4,5,7,8/1,8/2,9,11,13/1,13/2,15,17;
**Бұлақ көшесі** – 1,2,2 «а»,3,4,5,5 «а»,6,7,7 «а»,8,8 «а»,9,10,11,12 «а»,13,14,14 «а»,15,16,17,17 «а»,18,19,20,21,22, 22 «а»,23,24,25/1,25/2,25/3,26,27,28,29.

**Ойыл ауданының әкімі** **А.Қазыбаев**

# ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

| № | Ауылдық округтің атауы | Кездесу үшін белгіленген орындар |
|---|---|---|
| 1 | Ойыл | Ойыл ауылы, Шернияз көшесі №36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы, |
| 2 | | Екпетал ауылы, Екпетал мектеп бала бақшасы, Қыдырбаев Хайролла көшесі № 13 |
| 3 | | Ақшатау орта мектебі, Ақжол көшесі № 1а, |
| 4 | | Қаракемер ауылы, Каракемер ауылдық клубы, Достық көшесі №3 |
| 5 | Ш.Берсиев | Қаратал ауылы, Берсиев ауылдық клубы, Ш.Берсиев көшесі №21 |
| 6 | | Құмжарған ауылы, Құмжарған ауылдық клубы, Республика көшесі №23 |
| 7 | | Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, Алашорда көшесі № 2 |
| 8 | Көптоғай | Көптоғай ауылы, Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18 |
| 9 | | Амангелді ауылы, Амангелді ауылдық клубы, Астана көшесі №16 |
| 10 | | Қарасу ауылы, Қарасу ауылдық клубы, Алашорда көшесі №7 |
| 11 | | Шұбарши ауылы, Жақсыбайкөл негізгімектебі, Ақсай көшесі №19 |
| 12 | Қараой | Қараой ауылы, Қараой мектеп бала бақшасы, Жасқайрат көшесі №26 |
| 13 | | Құбасай ауылы, Құбасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7 |
| 14 | Сарбие | Сарбие ауылы, Сапақкөл ауылдық клубы, Жастар көшесі №13 |
| 15 | | Қаракөл ауылы, Қаракөл негізгі мектебі, Абай көшесі № 10 |
| 16 | Саралжын | Саралжын ауылы, Ә.Дербісалин ат. Саралжын орта мектебі, Кеңес көшесі № 2 |
| 17 | | Аққемер ауылы, Жамбыл мектеп бала бақшасы, Жеткіншек көшесі №7 |
| 18 | | Бестамақ ауылы, Тайсойған негізгі мектебі, Аяпберген көшесі №1 |
| 19 | | Шиқұдық ауылы, Шиқұдық ауылдық клубы, Мектеп көшесі №18 |
| 20 | | Қоңырат ауылы, Фельдшерлік амбулаторлық пункті, Ойыл көшесі №1 |
| 21 | Қайыңды | Ақжар ауылы, Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8 |
| 22 | | Көсембай ауылы, Көсембай ауылдық клубы, Орталық көшесі №10 |

**Ойыл ауданы әкімдігі**

# ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

| № | Ауылдық округтің атауы | Стендтер орналастырылатын орын |
|---|---|---|
| 1 | Ойыл | Ойыл ауылы, Оноприенко көшесі, 22 |
| 2 | | Ойыл ауылы, Оноприенко көшесі, 24 |
| 3 | | Ойыл ауылы, Шернияз көшесі, 75 |
| 4 | | Ойыл ауылы, Б.Жолмырзаев көшесі, 1 |
| 5 | | Ойыл ауылы, Желтоқсан көшесі, 21 |
| 6 | | Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 48 |
| 7 | | Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 56 |
| 8 | | Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 61 |
| 9 | | Ойыл ауылы, Құрманов көшесі 70 |
| 10 | | Екпетал ауылы, Қыдырбаев Хайролла көшесі, 2 |
| 11 | Ш.Берсиев атындағы | Қаратал ауылы, Ж.Жүсібалиев көшесі, 2 |
| 12 | | Қаратал ауылы, Ж.Жүсібалиев көшесі,9 |
| 13 | | Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі, 35 |
| 14 | | Қаратал ауылы, Ш.Берсиевкөшесі, 37 |
| 15 | | Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі, 12 |
| 16 | Көптоғай | Көптоғай ауылы, Достық көшесі, 6 |
| 17 | | Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі, 18 «А» |
| 18 | | Көптоғай ауылы, Достық көшесі, 3 |
| 19 | | Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі, 20 |
| 20 | | Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі, 4 |
| 21 | | Аманкелді ауылы, Астана көшесі, 14 |
| 22 | | Шұбарши ауылы, Мектеп көшесі, 19 |
| 23 | | Қарасу ауылы, Алашорда көшесі, 2 |
| 24 | Қараой | Қараой ауылы, Қазақстан 2030 көшесі,6 |
| 25 | | Қараой ауылы, Қазақстан 2030 көшесі,2 |
| 26 | Сарбие | Сарбие ауылы, Әйтеке би көшесі, 16 |
| 27 | | Сарбие ауылы, Әйтеке би көшесі, 18 |
| 28 | | Сарбие ауылы, Жастар көшесі, 13 |
| 29 | | Сарбие ауылы, Жастар көшесі, 18 |
| 30 | | Сарбие ауылы, Бейбітшілік көшесі, 3 |
| 31 | Саралжын | Саралжын ауылы, Қазақстан көшесі, 9 |
| 32 | | Саралжын ауылы, Кеңес көшесі, 2 |
| 33 | | Саралжын ауылы, Кеңес көшесі, 4 |
| 34 | | Бестамақ ауылы, Аяпберген көшесі, 1 |
| 35 | | Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі, 6 |
| 36 | Қайыңды | Ақжар ауылы А.Имановкөшесі, 1 |
| 37 | | Ақжар ауылы, Мектеп көшесі, 4 |
| 38 | | Ақжар ауылы, А.Иманов көшесі, 4 «А» |
| 39 | | Көсембай ауылы, Орталық көшесі, 6 |

Ойыл аудандық аурухана ұжымы Ойыл аудандық ауруханасының фтизиатр дәрігері Нұртанова Манат Айсағымқызына
**інісі Абзат Айсағымұлының**
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Насухина Арайгүл Бақтыгерейқызына
**аяулы інісі Алтынсарының**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1645 дана. Тапсырыс № 606
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# «ЕРЛЕР – ЖЕРДІҢ ҚОРҒАНЫ, ЕЛДІҢ ТҰТҚАСЫ»

Өткен сенбіде ауданымызда Қазақстан Қарулы күштерінің 30 жылдығына арналған мерекелік шара Тәуелсіздіктің 25 жылдығы атындағы орталық саябақта «Ерлер – жердің қорғаны, елдің тұтқасы» атты концерттік бағдарламамен басталды. Мерекелік шара мұнымен шектелмей ат спортынан Теңге ілу, Көкпар, жазық жерде өткізілген теңге ілу сайысында жігіттердің атқа отыру шеберлігі мен денесін игеріп алған ептілігі мен икемділігі сынға салынды. Желіп келе жатқан аттың желісін баяулатпай төменге тез иіліп, теңгені көбірек іліп алғандар көпшіліктің ыстық қолдауына ие болды. Әйтсе де сәтсіз талпыныс жасаған спортшыларымызда болды.



Аударыспақ сынды ұлттық ойындарға ұласты.

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан ат спорты жанашырлары ойын алаңынан алыстамады. Құмды дауыл ұйытқып соққанымен біздің бойында намысын қайраған жігіттеріміз ат құлағында ойнап, ұлттық ойындарды одан сайын қыздыра түсті. Толығырақ тарқатсақ,

Ал, аударыспақтан аты белді, атқа отырысы мығым, білікті де білекті жігіттер бақ сынасты. Бұл сайыстан ат пен ойыншы жігіттердің үндескен қимылдарына куә болдық. Ойынның шартына бағынған жігіттеріміз батыл да төзімді, байсалдылықпен шапшаң қимылдап бірі-біріне есе жіберіп алмауға тырысты. Одан кейін көпшілік асыға күткен жаппай көкпар өтті. Онда алғашқы салымды топ ішінен дара шыққан Еркебұлан Егізбаев салды. Осы тұста жанкүйерлердің қолдау білдірген айқай-шуы ат үстіндегі жігіттеріміздің қимылын үдетті. Әр салымға жеке кәсіпкерлер мен мекеме басшылары қаржылай демеушілік көрсетті. Ат үстіндегі спорттық ойындардың әр түрі бойынша бағы мен бабы келіскен мықтылар жеңімпаз атанды. Нақтырақ айтсақ, теңге ілуден, Бекнұр Аубакиров үшінші орынды иеленсе, Дастан Жауғашты екінші орыннан көрінді. Ал, теңге ілуден Қуанышбек Төлегеновтің мерейі үстем болып, қарсыластарының барлығын шаң қаптырып кетті. Аударыспақтан Дәурен Жауғашты III орынды қанжығаласа, Қуанышбек Төлеген II орынды еншіледі. Теңге ілуден тамаша өнер көрсеткен Дастан Жауғаштының аударыспақтан асығы алшысынан түсіп, үздік шықты.

Айта кетсек, Қыдыржан Айдынғали Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 6 класс оқушысы ат спорты ойындарын тамашалауға арнайы тай мініп келіпті. Оны көзім шала салысымен арнайы тілдесіп қалуға тырыстым. Жас болса да ат спортына, атқа мініп, асау үйретуге қызығушылығы жоғары екен. Қыдыржан ағаларының ізін жалғап, көкпар тартқысы келеді. Оның осындай талпынысын көріп, болашағына үлкен сенім арттым. Болайын деп тұрған бала екен. Жарайсың Қыдыржан!



**P.S. Бұған дейінде атаулы мерекелерде ат спортынан өткен шараларға белсенділік танытып жүрген жігіттер бұл жолы да ата-бабадан мұра боп жалғасқан ұлттық ойын түрлерін кеңінен насихаттады. Қазақ деген ұлттың мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеп, ұлттық рухымызды сілкіндіріп тастады. Ат спортын дамыту біздің аймақта кенже қалғанымен мереке күндері мен мерейтойларда жылына екі-үш мәрте ат тұяғын дүбірлетіп келеді.**

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**



# МЕРЕКЕ БӘСЕКЕМЕН КӨРІКТІ

Ақшатау ауылы жастарының бастамасы соңғы кездері көпке үлгі болып жүр. Ұйымшыл жастар Ұлы Жеңіс күні қарсаңында тағы бір мағыналы шараға ұйытқы болды. Ауылда ат жарыс ұйымдастырып, Жеңісті жақындатқан аталардың аруағына құран бағыштап, ас берді.

Бәйгеден бұрын жастар ұлттық спорттық жарыстардың көрігін қыздырды. Бозкілемде белдескен жігіттер мен гір тасын көтеріп, қол күрестірген қыз-жігіттер де жүлдесіз қалған жоқ. Арқан тартып, жаяу жарыста да көбіне ақшатаулық жастардың мерейі үстем болды.

Мерекенің нағыз көрігі – аламан бәйге. Жұртшылықтың делебесін қоздырған жарыста ойылдық Жандостың Назкүреңі алдына жан салмаса, қаракемерлік Тілектестің Жайраңы мәре сызығын екінші болып кесті. Дастанның Ақбақайы үшінші жүлдеге ілікті.

Тай жарысында да Галиякбаровтардың Көбелегі көлденең жануарға жол берген жоқ.




Екінші орын Амангелдінің Бақторысына бұйырды. Үшінші орынды Бекзаттың тайы алды. Ал, құнан жарыста Манарбектің Найзағайы жарқылдаса, екінші болып Төлепбергеннің Жезкиігі жетті. Үшінші орынға Қайсардың Сұркөжегі ие болды.

# АТ ЖАРЫСЫ
## ТОЙДЫҢ СӘНІ БОЛДЫ

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңістің 77 жылдығын Көптоғай ауылдық округі ат тұяғы дүбірлеген ат спорты ұлттық ойын түрлерін өткізумен қарсы алды. Аудандағы ат спортының дамуына округке қарасты Қарасу, Амангелді елді мекенінің тұрғындары қаржылай демеушілік көрсетіп, үлкен ауызбірлікпен сүбелі үлес қосты.

Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі Қарасу елді мекенінде ауыл жастарының ұйымдамтырылуымен Ұлы Жеңістің 77 жылдығына арналған «Ер мен елдің жеңісі атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Мерекелік шара әрі қарай Той бәйге, тай жарысы және ұлттық ойын түрлеріне үндесті. Тоқ бәйгенің бірінші орынына Мәлік Ізтұрдың демеушілігімен 1 тай тігіліп, оны тұлпары топ жарып келген берсиевтік Ғалым Көңілқосовқа бұйырды. Екінші орынға Мұрат Төлебаевтың демеушілігімен 100 мың теңге тігіліп, арғымағы бауырын жаза шауып, мәре сызығына екінші болып жеткен амангелділік Қайырбек Саркенаевтың қанжығасына байланды. III орынға Бауыржан Нұрғалиев 50 мың теңге демеушілік көрсетсе, бұл жүлде көршілес Атырау облысынан келген қонаққа бұйырды. Тай жарысында шашасына шаң жұқтырмаған Ақниет Шалабайдың тайы мәреге дара болып жетсе, Сәкен Зинеловтың тайы екінші, Өмірбек Әжмұханбетовтың тайы үшінші болып келді.

Ал, Аманкелді елді мекенінде 1966 - 1976 жылдары аралығында дүниеге келген ауыл азаматтарының ұйымдастыруымен 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай «Аламан» бәйге және «Тай жарысы» ұйымдастырылды.

9 сәйгүлік бақ сынаған дүбірлі бәйгеде I орын қаракемерелік Өтеғалиевке бұйырса, Мәре сызығын екінші болып, ойылдық Жалғас Галиякбаровтың аты басып өтті. Ал, шұбаршилық Б.Елекбаевтың тұлпары үшінші болып келді. Тай жарысынан Бекзат Сұлташовтың тайы мәре сызығынан бірінші болып өтсе, А.Галиякбаровтың тайы екінші болып келді. М.Мырзаханұлының тайы үшінші орынға жайғасты.

Ат иелері мадақтамамен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Округ әкімі Е.Асылбаев Отан қорғаушылар күнімен ер азаматтарды құттықтап, көктемгі су тасқыны кезінде ынтымақ, ауыз біршілікпен елі үшін, халқы үшін көмек көрсеткен ауыл азаматтарына рахметін айтып, алғыс хаттарын табыстады.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**

# МЕЙІРБИКЕ БОЛУ - МАҚТАНЫШ!



1971 жылы Дүниежүзілік Медбикелер Кеңесінің ұйғарымымен бастау алып, содан бері, «Медбикелер күні» - деп, аталып келе жатқан осы күнді ресми мереке ретінде атап өту бүгінде дәстүрге айналды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында жаралы жауынгерлерге шұғыл медициналық көмек көрсетіп, оқ пен оттың ортасында жүріп қызметтік міндетін адал атқарып, Жеңіс күнінің жақындай түсуіне үлкен үлес қосқан мейірбикелер мен фельдшерлер қатары аз болған жоқ. Сондықтан қан майданда қан кешіп, қатыгез жауды жеңуге септігін тигізген мейірбикелер мен санитарлардың орны қашанда бір бөлек. Денсаулық сақтау саласында халық денсаулығын жақсарту жолындағы мейірбикелер еңбегі ұшан-теңіз. Осы саланың барлық сатысында мейірбикелер еңбегі көрініп тұрары анық. Ұлт денсаулығын жақсарту бағытында атқарылып жатқан жемісті жұмыстар осының айғағы. Халық денсаулығын жақсарту, медициналық қызмет сапасын арттыру, халықты қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз ету, медициналық алғашқы жәрдемді жетілдіру, ана мен бала денсаулығын қорғау, аурудың алдын алу бағытындағы скринингтік тексерулер, тұрғындарды салауатты өмір салтына баулу, басқа да қаншама шаралардың жүзеге асырылуындағы мейірбикелердің қызметтік міндеттері олардың денсаулық сақтаудың барлық саласындағы орнын көрсететіндігінің тағы бір дәлелі. Сондықтан науқасты қабылдағаннан бастап, оны емдеу барысындағы барлық күйбең тіршіліктің бел ортасында жүретін мейірбикелер еңбегі қоғам алдында қашанда бағалана бермек. Медициналық мекемелердегі барлық жұмыстардың 80%-дан астамы мейірбикелердің мойнында. Олар күн сайын, күніне 24 сағат науқастарға қамқорлық жасайды – тамшылар қояды, таңғыштарды ауыстырады, қан қысымын өлшейді, дене қызуы мен жалпы жағдайын бақылайды, ауыр науқастарды емдейді. Олардың қамқор қолдары мен мейірімді жүрегі науқастарға операциядан кейінгі алғашқы қадамдарды жасауға, ауруларды емдеуге, өз күшіне сенуге көмектеседі.

Пандемия кезеңінде әрбір науқастың өмірі үшін жанқиярлықпен күрескен, өз денсаулығын аямай, туыстарынан бөлек үлкен физикалық және моральдық ауыртпалықтарды көтерген де мейірбикелер екені рас.

Өз кезегінде, мемлекет тарапынан да медицина саласы қызметкерлеріне біршама қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтсақ, індет кезінде үстемақылардың берілуі, былтырдан бастап еңбек ақының көтерілуі, «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы аясында, біржолғы көтермеақы мен жеңілдетілген несие алып, үй сатып алуға мол мүмкіндік туғызып отырғандығы қуантады.

Бүгінде аудандық денсаулық сақтау саласында 163 мейірбике еңбек етуде. Әріптестерімді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге шынайылық пен мейірімділік, шыдамдылық пен адалдық тілей отырып, өз қызметіңіздегі жауапкершілікті және жоғары кәсіби қабілеттеріңіз үшін алғыс білдіремін!

**Дархан САҒЫНҒАНҚЫЗЫ,**
**аудандық аурухананың бас мейірбикесі**



# СҮЙІКТІ МАМАНДЫҚТЫҢ
## СЫЙЫ КӨП!

«Ақ халатты абзал жан» Бұл сөз қашаннан дәрігерлер мен мейірбикелер қауымына айтылып келеді. Мейірбике ісі – ең жауапты, қиын да қарапайым, әрі адалдықты қажет ететін маман иесі. Қырым соғысы кезінде жарақат алғандарға көмек көрсету үшін қайырымдылық қызметін ұйымдастырған Флоренс Найнтингейлдің құрметіне арналған мереке күні бүгінге дейін әлемнің түкпір-түкпірінде тойланып келеді.

Олар сырқатына ем, дертіне дауа іздеген талай жандардың көңіліне демеу бола білген, күндіз-түні адам жанының арашашысы болып жүрген ізгілікті маман иелері. Солардың бірі – Айнұр Елемесқызы.

Мейірбикелердің науқастарды емдеуде, оларды ауруынан айықтыру жолындағы еңбектері айтарлықтай зор. Ал осындай мәртебелі мамандық иелеріне қандай құрмет көрсетсек те көптік етпейді. Жасынан ізгіліктің нұр себуге ұмтылған Айнұр мектепті үздік бітірсе де, өзінің жүрегі қалаған мейірбике мамандығын таңдайды. Ақтөбе медицина колледжін ойдағыдай аяқтап, Ойылдағы ауруханада еңбек жолын бастағанына да жиырма жылға жуықтап қалыпты.

Өзінің жауаптылығы мен адалдығының нәтижесінде алған марапаты да аз емес. Алайда, алғыстың үлкені – сәбидің шат күлкісі мен ананың бақыты деп біледі. 2010 жылдан бері жалпы тәжірибе дәрігерінің кабинетіне мейірбике қызметіне ауысқан Айнұр сол жерде табан аудармастан 11 жыл еңбек етті. Былтыр әмбебап патронаж кабинетінің ашылуына байланысты сол жерге жұмысқа ауысты. Бес жасқа дейінгі балалардың денсаулығын нығайту және төтенше жағдайлардан қорғау туралы кеңес беріп келе жатқан Айнұрға аналардың алғысы көп!

# МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ ИЕСІ



Мейірбике мерейлі мамандықтардың бірі. Науқастардың жанашыры ғана емес, дәрігермен кеңесіп, әрқашан көмек етуге қолұшын созып тұрады. Осындай жандардың бірі Құралай Мұратова. Көршілес Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Комсомол ауылында дүниеге келген. Құралай Жалғасқызы Жаңашаруа орта мектебін бітірген соң, Ақтөбе қаласындағы Ақтөбе медициналық училищесіне 1984 жылы оқуға түседі. 1985 жылы отбасын құрып, қазіргі таңда 4 бала тәрбиелеп отырған мейірімді ана, мерейлі мейірбике. Алғашқы еңбек жолын Ақтөбе қаласындағы балалар емханасынан бастаған. Кейін отбасылық жағдайына байланысты Саралжын ауылдық округіне келіп, Саралжын медициналық амбулаториясында еңбек етті. Өмірдің ағымына ілескен ақ халатты абзал жан кейін, 2019 жылдан бастап, Ойыл аудандық ауруханасында УЗИ кабинетінің мейірбикесі қызметін атқаруда.

# Көп баланың кіндік шешесі



Кім де болсын өзі сүйіп, жүрек қалауымен таңдаған мамандығын адал атқарса, құрметке бөленбей тұрмайды. 10 жылдан бері Ойыл аудандық ауруханасының перзентхана бөлімшесінде акушер болып еңбек етіп келе жатқан Айсұлу Жалғасбаева бүгінге дейін 200-дей сәбилердің «кіндік шешесі» атанған.

Ол 1990 жылы 1-ші қыркүйекте Өзбекстан Республикасына қарасты Қарақалпақстан Республикасының Ходжейли қаласында дүниеге келген. Әкесі Кеңесбай Жалғасбаев - жеке кәсіпкер, анасы Каншайым Ізтілеуова - бала санымен қазір зейнеткер. Отбасымен 2003 жылы Ақтөбе қаласы, Мартөк ауданына көшіп келеді. 2007 жылы Ақтөбе медициналық колледжіне оқуға түсіп, 2010 жылы аталған оқу орынынан акушерлік іс мамандығын алып шығады. 2012 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Ойыл аудандық ауруханасының перзентхана бөлімінде қызметін атқарып келеді. Хирургтің міндеті отаны сәтті жасау болса, акушердің қызметі өмірге ұрпақ әкелетін аналардың денсаулығын қатаң қадағалап, жаны да, тәні де сау сәбилердің өмірге келуіне жәрдемдесу. Айсұлудың осындай аса жауапкершілікті талап ететін қызметтің қиындығына қарамастан еңбек етіп келе жатқанына он жылдан асқан. Ана мен баланың денсаулығына қауіп төндірмей, дер кезінде көмек көрсетіп, шақалақтың дүниеге келуіне себепші болу ең алдымен оның біліктілігі мен кәсібилігіне байланысты.

Аналардан алғыс алып жүрген Айсұлу құрмет, алғыс хаттардың да иесі атанған. Халқының сыйлағаны соншалық Айсұлуға ұқсасын деп ырымдап өз сәбилеріне Айсұлу, Айсәуле, ер балаларына Айсұлтан, Айберген деген есімдерді беріп жатады екен. Мемлекеттік жұмысымен қатар хоббиі болған тігіншілік саласын бірге алып жүрген жайы бар. Түрлі курстарды оқып, сертификат, диплом алып қыз жасауы топтамаларын, құрақ-оюлы көрпелерді де тігіп халыққа өз пайдасын тигізуде.

*«Әкем айтқандай: «Үкіметтен маган не береді деп емес, мен үкіметке не беремін»,- деп қызмет жаса дейтін. Әлі де сол ақылын айта жүреді»,-* дейді. Көптің ыстық ықыласына бөленіп жүрген мейірбике бүгінде аяулы ана. Отбасында екі бала тәрбиелеп отыр.

# АНА МЕН БАЛА
## АМАНДЫҒЫН ОЙЛАҒАН

Адамға өмір дидарын сыйлайтын перзентхана десек, онда қызмет етуде бойыңа адамдық, адалдық қасиеттерін сіңіруің қажет. Себебі, дүниеге бейкүнә сәби келетін жерде адал жандар ғана өзгелерге қуаныш сыйлай алады. Осындай адал жандар қызмет ететін перзентхана бөлімінде білікті дәрігерлер жұмыс істейді. Әрине, мұндай еселі еңбекте Анаргүл Наурызбаеваның еңбегін айта кеткеніміз жөн.

Анаргүл Наурызбаева1985 жылы Свердловск облыстық медициналық училищесіне оқуға түсіп, 1988 жылы аталған училищені акушерлік іс мамандығы бойынша тәмамдайды. Оқуын ойдағыдай аяқтай салысымен туған жерге оралып еңбек жолын аудандық ауруханада флюролаборант қызметінен бастады. Сол жерде 11 жылдай қызмет етіп, өз мамандығы бойынша жұмыс жасауды қалайды. Өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасқаннан кейін ұмытқандарын есіне түсіріп, қызметіне бірден кірісіп кетеді.

*«Осы еңбек жолымда мамандыгымның қыр-сырын үйретуде еңбегі сіңген әріптес ұстазым - 35 жыл еңбек өтілі бар Нұрзила Қожиева апайды ерекше айтқым келеді»,-* дейді өз ісінің майталман маманы. Ойыл аудандық



ауруханасының перзентхана бөлімінде жылына шамамен 180 әйел босанады, ал Ойыл ауданы бойынша 400-ге тарта әйел босанып, отбасына үлкен қуаныш сыйлайды. Әрбір сәбиді жарық дүниеге аман-есен алып келуге жәрдемдесу де, ақ жаулық иелерінің амандығы да осы перзентхана бөліміндегі ақ халаттылардың қолында.

Анаргүл үшін құрмет - аналардың алғысы, сәбилердің амандығы. Ал, көптің алғысына бөленіп жүрген жан еңбегіміздің еш кетпегеніне бізде қуанамыз дейді.